

Дизель отынын әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 22 шілде N 813.

Мұнай өнімдерінің ішкі рыногын тұрақтандыру мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368_ Заңының 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағынан тұрмыстық пештік отыннан басқа, дизель отынын (ТМД СЭҚ ТН коды 2710 00 610 - 2710 00 690) әкетуге 2002 жылғы 1 қарашаға дейін тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетін осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан дизель отынын әкетуге Қазақстан Республикасының

тыйым салу енгізгендігі туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б

